

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы
ЖШС «Айболған» бебекожай балабакшасы



Балабакша мәндерүннен
Естайлера Р.

Педагогикалық кеңестің хаттамалары 2017-2018 оку жылы

Қазығұрт 2017

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Қазығұрт е.м

29.08.2017жыл

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№1

Катысуга тиісті: 10

Катысқандар: 10

Катыспаганы: 0

Күн тәртібінде:

1.

«Айболған» балабақшасының 2017-2018 жылдары міндеттерін қабылдау

«Сапалы білім мен тәрбие беру Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы»

2.

Балабақшадағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесін күн тәртібін бекіту .

3.

КР жаңа өзгерістер және балалар іс-әрекетін басқарудың әдістемелік құралы тұрғысындағы технологиялық карта.

Балабақша менгерушісі Естауова Балқия кезекті педагогикалық кеңесті ашып берді. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, табыстар тіледі. Жаңадан ашылған балабақшамызды одан әрі дамытып, үйымшилдықпен жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. «Айбоган» балабақшасының 2017-2018 жылғы жоспарын бекіту туралы әдіскер Алиева Қарлығаш жаңа оқу жылымен құттықтап баяндаға жасады. Баяндауда 2017-2018 жылға арналған жоспардың барлық 7 бөлімі қамтылды және жоспардың мазмұны түсіндірілді.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы әдіскер Алиева Қарлығаш топ тәрбиешілеріне оқу құралдары, кітаптар және көрнекіліктері болуын нақтыладап айтты.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу –әрекет кестесін, күн тәртібін бекіту туралы әдіскер Алиева Қарлығаш балабақшадағы тәрт топтың жас кезеңіне сәйкес оқу іс-әрекет кестелерін, күн тәртібін сәйкестендіріп бекітті.
4. КР жаңа өзгерістер және балалар іс-әрекетін басқарудың әдістемелік құралы түрғысындағы өтпелі тақырып бойынша апталық циклограмма туралы әдіскер Алиева Қарлығаш топ тәрбиешілеріне жоспар бойынша апталық циклограмманың апта басында бекітілуін түсіндірді және талап етті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен

ұсыныстар: Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі тәрт мәселе бойынша: мысалы «МузАрт» тобының тәрбиешісі Холдарбекова Ақмарал үйымдастырылған оқу қызметіне қанша уақыт керек екенін сұрады. Тағы сол сияқты «Балдырган» тобының тәрбиешісі Абдігани Ақтоты апталық циклограмманың түсінбеген түстарын нақтыладап сұрады.

Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортага сала отырып, керекті құралдарын, атап айтқанда, хореограф Жұмашова Назгул өзінің би сабағына қолданатын кілемше керектігін айтты.

Балаларға 3 жүпқа мерекеге байланысты жапырақ киімін тіктірсек деген ұсыныстар болды.

Кезекшілік кестесін жасауда және домофон құру жайлы, тағы да басқа пікірлер қамтылды. Әдіскер Алиева Қарлығаш 2017-2018 оқу жылында өткізетін ертеңгіліктердің, үйымдастырылған оқу қызметінің күндерін бекітіп, іс- қазақдарымызға, күнделікті өткізетін үйымдастырылған оқу қызметіне өте мүқият болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

1. «Айболған» балабақшасының 2017-2018 оқу жылдарының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Топтардың жаңа оқу жылдарына дайындығы молайтылсын.
3. Жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу қызметінің кестесі бекітілсін.
4. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық үйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төраіым:

Естауова Б

Хатшы:

Алиева К

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Қазығұрт е.м

21.12.2017жыл

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№2

Катысуга тиісті: 10

Катысқандар: 10

Катыспаганы:0

Күн тәртібіндегі:

**Мектепке дейінгі балалардың танымдыққабілеттерін артыру барысында
тілін дамыту**

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.

Жауапты: Алиева Қарлығаш

**2. «Тілдердің үштүгірлілігі аясында мектеп жасына дейінгі балалардың
тілін дамыту мен танымын кеңейтудің әдістемелік негіздері »**

Баяндамашы: Холдарбекова Ақмарал

**3. «Коммуникация» білім саласындағы әңгімелесу (монологтік тіл) және сөйлеу
(диалогтік) тілін қалыптастыру**

Жауапты: Усейнова Маржан

**Балабақша менгерушісі Естауова Балқия кезекті педагогикалық кеңесті ашып
берді. Балабақшаны одан әрі дамытып, ұйымшилдықпен бірге жұмыс жасауға
шақырды.**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

**1. Балабақшамыздың әдіскері Алиева Қарлығаш откен педагогикалық кеңестің
шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді. Балабақшаның 2017-2018
оқу жылының жылдық жоспары бекітілгенін, топтардың жаңа оқу жылына
дайындығы жақсы екенін, жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу қызметінің
кестесі бекітілгенін, балабақшада отеттін ертеңгіліктер мен ашық
ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндағы.**

Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді.

2. «Тілдердің үштүгірлілігі аясында мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту мен танымын кеңейтудің әдістемелік негіздері» тақырыбында баяндама жасады. Тілдердің үштүгірлілігін мектепке дейінгі оқыту әдістемесінде кеңінен қолдану түрлері айтылды. Ойындардың турлері, маңызы, құрылымы қалай ойнатылуы толық түсіндірілді. Тәрбиешілер бір -бірімен пікір алмасты.

З«Коммуникация» білім саласындағы әңгімелесу (монологтік тіл) және сөйлеу (диалогтік) тілін қалыптастыру» туралы әдіскер жалпылымда түсінік беріп, баяндама жасады. Эр топ тәрбиешісі жаса кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметі жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, өздігінен ұйымдастыру түрлері қарастырылып талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:

Жалпы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәрбиешілер көптеген сұрақтар қойып, жауаптарын алды. Мысалы: сюжеттік-рөлдік ойындар мен дидактикалық ойындардың айырмашылығы және жаса айырмашылығына сәйкес ойнатылуы туралы сұрақтар қойылды.

Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортага сала отырып, талантарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәрбиешілердің педагогикалық әдіс-тәсілдерді таңдауы, пайдалануы мен білім беру процесін өздігінен ұйымдастыру сапасын жақсартуға жағдай жасау үшін тақта алуға ұсыныс жасады.

Еңбек іс-әрекетіндегі баланың дамуы тақырыбына сәйкес әр топ бойынша басқада, топта кезекшілік кестесін құру алға қойылды.

Әдіскер Алиева Қарлығаш іс- қазақдарымызға, күнделікті өткізетін ұйымдастырылған қызметтімізге ұқыпты болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

1. Тілдердің үштүгірлілігі білім беру салалаларында қолданылсын

2. КР талантарына сәйкес ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде тәрбиешілердің педагогикалық әдіс-тәсілдерді таңдауы, пайдалануы мен білім беру процесін өздігінен ұйымдастыру сапасына бақылау жасау қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төраймы:

Естауова Б

Хатиши:

Алиева Қ

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Қазығұрт е.м

19.03.2018жыл

Педагогикалық кеңестің хаттамасы №3

Катысуга тиісті: 10

Катысқандар: 9

Катыспаганы: 1

Күн тәртібінде:

Балабақшада балалардың тідене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу.

Күн тәртібінде:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.

Жауапты: Алиева Қарлығаш

2. Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу қызметтерін қалыптастыру.

Баяндамашы: Бекмуратова Айнур

3. «Мектепке дейінгі балалардың оқу қызметіндегі ойынның технологиялық маңызы»

Баяндамашы: әдіскер Алиева Қарлығаш

Балабақша менгерушісі Естауова Балқия кезекті педагогикалық кеңесті ашып берді. Бүгінгі педагогикалық кеңесте қарастырылатын мәселелерге балабақша әдіскері жеке-жеке тоқталаған, әрі қарай тәрбиешілер өз баяндамаларын жүргізді

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері Алиева Қарлығаш откен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді. Откен пед кеңестің шешімі бойынша

тәрбиешілер «сюжеттік -рөлдік және дидактикалық» ойындарды үйымдастырылған оқу қызметінде және күннің екінші жартысында қолданып жүргендерін айтты.

2. «Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру» деген тақырыпта балабақша тәрбиеші Аширбаева Гүлнұр өз баяндамасын оқып тәрбиешілермен пікірталасты. Баяндамада оқу қызметтерінде танымдық қызығушылықтарын дамыту турлері қарастырылды.

3. «Мектепке дейінгі балалардың оқу қызметінде ойынның технологиялық маңызы» тақырыбында балабақша әдіскері баяндама жасап, ұжым мүшелерімен бірге талдаған пікірталасты. Ойын технологиясы – төзімділікті, алғырттықты, іскерлікті, ұқыптылықты, тапқырлықты, ізденімпаздықты қалыптастыратын педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:

Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортага сала отырып, балабақша ішінен табигат бұрышын ашайық деген ой тасталды. Балаларға алдағы 22 наурыз мерекесіне байланысты қыздарға арналған қазақша көйлек тіктірсек деген ұсыныстар болды.

Әдіскер алдағы өткізетін ертеңгіліктердің, күндерін бекітіп, іс-қағаздарымызга, күнделікті өткізетін үйымдастырылған оқу қызметтеріне өте мұқият болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

1. Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру, оларды қолдану қадағалансын.
2. Үйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ойын технологиясы қолданылсын.
3. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен апталық циклограммасы уақытылы бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Eristauova B

Хатшы: 

Aliyeva K